

| Ортаңғы топқа арналған перспективалық жоспар | | | | | | | | | | |
|--|------------------|----------|-----------------|------------|----------------------|------------|--|------------|-------------------------------------|------------|
| Желтоқсан // 2020-2021 | | | | | | | | | | |
| Тобы | | | | | | | | | | |
| Оқу жылы мен айы | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | Денсаулық | 3 | Қатынас | 2,5 | Таным | 2,5 | Шығармашылық | 3 | Әлеумет | 0,5 |
| | Дене шынықтыру | 3 | Сөйлеуді дамыту | 1 | Математика негіздері | 1 | Сурет салу | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 1 | Құрастыру | 0,5 | Мүсіндеу | 0,25 | Вариативті компонент/Әлеумет | 0,5 |
| | | | Орыс тілі | 0,5 | Жаратылыстану | 1 | Апликация | 0,25 | | |
| | | | | | | | Музыка | 1,5 | | |
| | | | | | | | Вариативты компонент/Шығармашылық | 0,5 | | |
| Алақай, қыс келді! / Зимушка-зима / Winter (1-апта) | | | | | | | | | | |
| Мақсаты: балалардың алғашқы қар туралы білімдерін жетілдіру; эстетикалық талғам негіздерін қалау. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | |
|---------------------|--|--|---|---|---|
| <p>Оқу қызметін</p> | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Ұйқыдағы аю" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін дамыту; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін дамыту; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қорбаңдаған аю" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін жетілдіру, сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыта отырып, таяқ астынан тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін дамыту; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Бағытты өзгертіп жүгіреміз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін жетілдіру, сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыта отырып, таяқ астынан тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін дамыту; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Қыс келді атты суретпен танысу" Мақсаты: балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету. Балалардың байланыстыра сөйлеу, көзбен көру қабілеттерін жетілдіру; ой-әрісін, танымдық қызығушылықтарды, жағымды эмоцияларды дамыту. Балалардың қыс мезгілінің көркемдігіне деген байқағыштықтарын, табиғат өзгерістеріне сүйіспеншіліктерін дамыту.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "Қысқы баспана" ертегісі Мақсаты: балаларға қыс мезгілі туралы түсінік бере отырып, балаларды жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. Қыстың ерекшеліктерімен қызықтыра білу. Балаларға ертегіні оқып, таныстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, ормандағы аңдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> | <p>Математика негіздері Тақырыбы: "Данаға бөкебайды дайындап берейік" Мақсаты: балаларды "заттардың ұзындығы" ұғымымен, заттарды бір-бірімен тұтастыру тәсілімен таныстыру; қысқы киімдердің қажеті туралы білімді пысықтау.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: "Шана" Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру. Балалардың түрлі-түсті құрылыс материалдарынан жасалған нысанды тұтас қабылдау қабілетін дамыту; құрылыс материалдарының тұрақтылығын, орналасу қасиеттерін байқауға машықтандыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Қаладағы қыс" Мақсаты: балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру; қаладағы қысқы табиғаттың көрінісі мен адамдардың қысқы тіршілігін бақылау қабілеттерін қалыптастыру; қыс туралы қысқаша әңгімелеп беруге үйрету.</p> | <p>Сурет салу Тақырыбы: "Шыршалар қарға киінді" Мақсаты: балаларды жасыл борша арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуға үйрету; қарды қағаз бетінің белгілі жеріне салып, қысқы табиғат құбылысы туралы ортақ сюжетті салуға үйрету; қыс мезгілі туралы ұғымдарды дамыту. Боршамен тіке сызыққа қиғаш сызықтарды кезегімен қосып, шырша бейнесін салу техникасын жетілдіру; шырша бұталарына, шыршаның түбіне ақ гуашь бояуға малынған қылқаламның түгін жақпалап салу техникасын жетілдіру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Қыс қызығы" Мақсаты: балалардың басқа ұлт өкілдерінің өніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; қыс қызығы туралы ұғым беру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Қысты сағындық" Мақсаты: балалардың басқа ұлт өкілдерінің өніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білу іскерліктерін пысықтау; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру</p> <p>Вариативты компонент/Шығармашылық Тақырыбы: "Алақай, қыс келді!" Мақсаты: балаларға қыс мезгілінде қардың жауатыны, шыршаның жасыл түсін сақтайтыны туралы түсініктер беру. Шырша бейнесін сызбаны жасыл таяқшалармен басып жасау амалдарына үйрету; ақ түсті ермексаздан дөңгелектелген дақтарды қатты қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға жаттықтыру; дөңгелектеу және таяқшаны есу техникаларын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту.</p> | <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Қазақстанның Туы" Мақсаты: балаларды Қазақстанның Туымен таныстыра отырып, оның ерекшеліктерін жатқа білуге үйрету; Қазақстанның Туы мемлекеттік рәміз екенін ұғындыру; Қазақстанның Туына байланысты көркем сөздерді мәнерлі айта білуге жаттықтыру; Қазақстанның Туы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; қыс туралы түсініктерін тереңдету. Қазақстанның Туына байланысты көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын молайту және дүниетанымын кеңейту; Қазақстанның Туының ерекшеліктерін жатқа айтысу арқылы есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту.</p> |
|---------------------|--|--|---|---|---|

Жайнай бер, Қазақстаным!/Процветай, мой Казахстан!/Prosper, my Kazakhstan! (2-апта)

Мақсаты: балалардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері және Отан жайлы білімдерін пысықтау.

| | | | | | |
|---------------------|--|---|--|---|--|
| <p>Оқу қызметін</p> | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Тәуелсіз елім" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру қабілетін дамыту; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Жайна елім менің!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру іскерліктерін қайталау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Мен-чемпион" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру іскерліктерін қайталау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Нұр-Сұлтан-Астана әңгімесі. Дауыссыз [С] дыбысы" Мақсаты: балаларға еліміздің бас қаласы туралы баяндау барысында дауыссыз [с] дыбысын буындар мен сөздердің құрамында айту тәртібімен таныстыру, астананың көрікті жерлері жөнінде мәліметтер беру. Балалардың тілін, ақыл-ойын, есту, есте сақтау қабілетін дамыту, ойындарға еркін қатысу іскерліктерін жетілдіру. Балалардың Қазақстанның бас қаласына деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "Тәуелсіздік алған күн" Мақсаты: балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету; тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық сипатын ұғындыру; өлеңдегі көркем сөздерді мәнерлеп айтуға жаттықтыру; Қазақстан туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру. Тақпақтағы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын молайту және дүниетанымын кеңейту; тақпақты жатқа айту кезінде есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту.</p> <p>Орыс тілі Тақырыбы: "Что есть в доме?" Мебель. Мақсаты: учить слушать русскую речь о Казахстане, главном городе Нур-Суртане, учить называть предметы мебели, понимать их назначение, развивать умение включаться в диалог, односложно отвечая на вопросы либо повторяя правильные образцы речи. Развивать умение воспринимать информацию на слух на русском языке, опираясь на картинки, часто повторяемые слова; развивать речь, основы пространственного воображения. Воспитывать патриотические чувства,</p> | <p>Математика негіздері Тақырыбы: "Құлыншақтың астанаға деген жолы" Мақсаты: балаларды заттардың ұзындығының қасиетімен таныстыру; "ұзын", "қысқа" ұғымын қалыптастыру; заттарды тұтастыру тәсілі туралы түсінікті тиянақтау; Қазақстанның астанасы туралы жаңа білім беру. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы бойынша тұтастырып, салыстыруға үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Аквариумдағы алтын балық" Мақсаты: балалардың аквариумдағы балықтар туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгілінде жанды табиғат бұрышын мекендеушілерді байқау дағдыларын жетілдіру; жаңа нәрсені білуге деген танымдық қызығушылықтары мен құштарлықтарын арттыру; Қазақстанның тәуелсіздігі туралы түсінік беру.</p> | <p>Сурет салу Тақырыбы: "Домбыра" Мақсаты: балаларды алдын-ала қиылған домбыра сұлбасын мақтаға оралған, бояуға малынған таяқша арқылы жеткіліксіз элементтермен безендіріп толтыруға үйрету; қазақтың ұлттық аспабы домбыра туралы ұғымдар негіздерін қалыптастыру. Мақта таяқшаларымен домбыра мойнының бойына ара-қашықтығы бірдей, тіке, түзу сызықтарды салып, сызықтардың арасына нүктелерді қойып безендіру техникасына машықтау; бояудың таяқша басында біткенін байқап, қайта бояуға толтыру әдебін игерту.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Тәуелсіз елім" Мақсаты: балалардың туған жерге деген мақтаныш сезімін патриоттық ән арқылы қалыптастыру; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әуендегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; Қазақстанның тәуелсіздігі туралы ұғым беру. Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: "Тостаған" Мақсаты: балаларда ыдыс-аяқтың бір түрі тостаған туралы ұғымдар қалыптастыру, тостағанның табаны, айналасы, шеттері сияқты бөліктерден тұратыны жайында түсінік беру. Сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасатып жаттықтыру; домалақ ортасынан ойық жасап, айналасын созып, тостаған мүсінін жасауға үйрету.</p> | <p>Вариативті компонент/Әлеумет Тақырыбы: "Үй құрылысы" ойыны Мақсаты: балаларды құрылысшы мамандығымен, құрылыс материалдары мен құрылысшыға қажет құралдармен таныстыру, үй құрылысының барысы жөнінде мағлұмат беру. Балалардың құрылыс ойыны барысында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу іскерлігін қалыптастыру, тілді, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту.</p> |
|---------------------|--|---|--|---|--|

Қош келдің, Жаңа жыл! / Здравствуй, Новый год! / Happy New Year! (3-апта)

Мақсаты: балаларда мерекелік көңілді көңіл-күй қалыптастыру; жаңа әсерлермен байыту; балалардың жан-жақты, оның ішінде көркемдік-эстетикалық дамуына ықпал ету.

| | | | | | |
|---------------------|--|--|---|---|---|
| <p>Оқу қызметін</p> | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Жаңа жыл, жаңа нұр!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын дамыту; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қош келдің, Жаңа жыл!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын дамыту; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру іскерліктерін дамыту; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Жаңа жыл құтты болсын!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдыларын дамыту; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру іскерліктерін қайталау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Аяз Ата туралы тақпақ жаттау" Мақсаты: балаларды Жаңа жыл туралы тақпақпен таныстыру; көркем сөзді мәнерлеп оқу үлігімен таныстыру, жаттату; сөздік ойындар барысында мерекеге, қыс ойындарына қатысты мәліметтерді пысықтау.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "Айлакер түлкі" (орыс халық ертегісі) Мақсаты: балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым – қатынас әлемімен таныстыру; шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс – әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі - қу) сипаттама бере білуге үйрету.</p> | <p>Математика негіздері Тақырыбы: "Орман шыршасы" Мақсаты: балаларда "биік", "аласа" ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру; заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері туралы түсінік аясын кеңейту; жабайы аңдардың қысқы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы және биіктігі бойынша тұрастырып, салыстыруға үйрету.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: "Шырша ойыншықтары" Мақсаты: балаларды қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру, шаршы пішінді қағаз бетінің бұрыштары ұштарын ортаға қарай кезекпен бүктемелеп, дөңгелекке ұқсас жаңа пішінді, шырша ойыншығын құрастыруға үйрету; қысқы мереке жөнінде негізгі ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Аяз өрнектері" Мақсаты: балалардың жансыз табиғат құбылысы аяз туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгілінде басқа да жансыз табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру; аяздың қасиеттерін білуге деген танымдық қызығушылықтары мен құштарлықтарын арттыру; Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру.</p> | <p>Сурет салу Тақырыбы: "Шырша бұтасында ілінген шар" Мақсаты: балаларды алдын-ала сызбалы түрде салынған шырша (инелерсіз) бұтағының және дөңгелектің (шырша шары) сұлбасы үстінен фломастермен басып, суретті жасыл инелер мен қызыл шар элементтерімен толықтыруға үйрету; суреттегі екі объектіні тұтас сюжет деп көруге машықтау; мерекелерді безендіру рәсімі туралы негізгі түсінік беру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Жаңа жыл – жаңа нұр" Мақсаты: балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Жасыл шырша жанында" Мақсаты: балаларда ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдік дағдыларын дамыту; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білу іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Вариативті компонент/Шығармашылық Тақырыбы: "Шыршаны безендірейік" ұжымдық жұмыс Мақсаты: балаларға барлығына ортақ шырша сұлбасын түрлі-түсті қағаздан жасалған, шарлар мен тамшыларды жасырып, безендіру тәртібін көрсету; қысқы мерекелер туралы түсініктерді тиянақтау.</p> | <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Қардың қасиеті" Мақсаты: балалардың қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету; Жаңа жыл туралы түсініктерін кеңейту.</p> |
|---------------------|--|--|---|---|---|

| |
|--|
| |
| Жаңа жылдық сыйлықтар/Новогодние подарки/New year present (4-апта) |
| Мақсаты: балалардың жаңа жылдық сыйлықтарға деген ерекші қызығушылықтарын тудыру. |
| |

| | | | | | |
|---------------------|---|--|---|--|---|
| <p>Оқу қызметін</p> | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Жаңа доп" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Допты дәлдеп лақтыр" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүру іскерліктерін жетілдіру; шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Тез адымдап жүреміз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүру іскерліктерін жетілдіру; шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметін пысықтау.</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Шырша ойыншықтарымен танысу" Мақсаты: балаларды ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру, сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем арқылы жауап беріп, өз ойын жеткізуге үйрету; жаңа жылғы ойыншықтардың ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "Хан мен құмырсқалар" Мақсаты: балаларды "Хан мен құмырсқалар" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі жолдар арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету; ертегі мазмұнын бар ықыластарымен мұқият тыңдауға дағдыландыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; жаңа жыл және жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру.</p> <p>Орыс тілі Тақырыбы: "Что наденет Дана на улицу?" Одежда. Мақсаты: учить читать наизусть небольшое стихотворение при помощи взрослого, передавая свое отношение к содержанию; учить называть предметы одежды в соответствии с игровой ситуацией, временем года; закрепить выученные названия игрушек.</p> | <p>Математика негіздері Тақырыбы: "Шырша ойыншықтары" Мақсаты: балалардың заттардың "биік", "аласа" сияқты қасиеттері туралы білімін бекіту; "жуан" және "жіңішке" ұғымдарын қалыптастыра бастау; жаңа жылды қарсы алуда шыршаны безендіру ерекшелігімен таныстыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Жасыл шырша" Мақсаты: балалардың жасыл шырша туралы түсініктерін кеңейту; жасыл шыршаның табиғаттың төрт мезгілінде дағдыларын жетілдіру; жасыл шыршаның қасиеттерін білуге деген қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын арттыру; Жаңа жылдық сыйлықтар туралы түсінік беру.</p> | <p>Сурет салу Тақырыбы: "Аяз атаның қабы" Мақсаты: балаларды қылқалам арқылы сопақша немесе дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету, салынған қап сұлбасын сорғыш пен мақта таяқшасы арқылы бояу және безендіру тәртібіне үйрету. Ашық түспен қап сұлбасын, өз аясынан шығармай, сорғышпен жақпалау техникасын жетілдіру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Шырша түбіндегі сыйлық" Мақсаты: балалардың шырша туралы өнге қызығушылығын арттыру; өннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; би элементтерін орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру.</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: "Аққала үлкен болғысы келеді" Мақсаты: балаларды аққала бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету; көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін қалыптастыру; қысқы ойындар, мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын желіммен жұмыс жасауда, майлықты пайдалануда дамыту; төменнен жоғарыға қарай дөңгелектер көлемдерінің кішірек болу ерекшелігін аққаланың тұтас бейнесінен байқауға үйрету.</p> | <p>Вариативті компонент/Әлеумет Тақырыбы: "Ойыншықтар" дүкені Мақсаты: балаларға дүкендегі ойыншықтардың атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру.</p> |
|---------------------|---|--|---|--|---|